

8D10141 "Медицина" білім беру бағдарламасы бойынша

PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған

"Бірұрықты жүктілік кезінде өздігінен мерзімінен бұрын босануды болжау және алдын алу" тақырыбындағы Қабыл Бақытхан Қабылқызының диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); <u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертациялық зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыты болып табылатын « Өмір және денсаулық туралы ғылым » бағытына толық сәйкес келеді. Тақырып ана мен бала өлімін азайту жөніндегі мемлекеттік стратегиялық мақсаттарға үндеседі. Тақырып денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту және инновациялық диагностикалық технологияларды клиникалық тәжірибеге енгізу жөніндегі мемлекеттік басымдықтармен үйлеседі.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қабыл Бақытхан Қабылқызының диссертациясы Мерзімінен бұрын босануды болжаудың заманауи әдісі – цервикальды эластографияны енгізу арқылы акушерлік ғылымға жаңа диагностикалық алгоритмдер қосылды. Зерттеу жатыр мойны тінінің құрылымдық өзгерістерін сандық тұрғыдан бағалаудың ғылыми негізін қалайды.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторант зерттеудің барлық кезеңін: жоспарлауды, 150-ден астам жүкті әйелді клиникалық тексеруді, УДЗ және эластографиялық зерттеулерді жүргізуді, сондай-ақ алынған деректерді статистикалық өңдеуді өз бетінше атқарған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері айқындалып, зерттеудизайныәзірленген, клиникалықматериалжинау, ультрадыбыстық және эластографиялық өлшемдер жүргізу, деректерді статистикалық өңдеу және нәтижелерді талдау жұмыстары өздігінен орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда логикалық жүйелілік сақталған. Зерттеудің әдіснамалық аппараты дұрыс құрылған. Теориялық шолу мен практикалық бөлім арасындағы байланыс нақты көрсетілген. Зерттеудің өзектілігі мерзімінен бұрын босанудың перинаталдық аурушандық пен өлімнің жетекші себептерінің бірі болып қалуымен және оны ерте кезеңде дәл болжау мүмкіндігінің шектеулілігімен айқындалады. Қолданыстағы тәсілдер көбіне жатыр мойнының тек анатомиялық көрсеткіштеріне сүйенеді, ал функционалдық өзгерістерді толық бағаламайды. Осыған байланысты цервикометрия мен жатыр мойнының эластографиясын біріктіріп қолдану өздігінен болатын мерзімінен бұрын босанудың қаупін ерте

			стратификациялауды күшейтіп, профилактикалық тактиканы уақтылы таңдауға мүмкіндік береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Жұмыстың мазмұны мәлімделген тақырыпқа толық сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы дәлелді медицина принциптерін (PICO әдістемесі бойынша) қолдана отырып, нақты тұжырымдалған.
		4.3. Мақсатымен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты диссертация тақырыбына сай айқындалған: бірұрықты жүктілікте өздігінен болатын мерзімінен бұрын босануға әкелетін қауіп факторлары мен жатыр мойны эластографиясының көрсеткіштерін кешенді бағалау арқылы болжауға арналған модельді әзірлеу және негіздеу жүзеге асырылған. Зерттеу міндеттері осы мақсатқа бағындырылып, ғылыми жұмыстың логикасын қамтамасыз етеді: қауіп факторларын жүйелеу, инструменталді зерттеудің диагностикалық деңгейін салыстырмалы бағалау, алынған көрсеткіштерді интеграциялау арқылы болжамдық модель қалыптастыру және профилактикалық тактиканың тиімділігін дәлелдеу. Тұтастай алғанда, мақсат пен міндеттер диссертацияның ғылыми тұжырымдамасымен толық сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертацияның құрылымы ішкі логикалық тұтастығымен сипатталады: тараулардағы материалдар бірізді түрде өзара сабақтасып, толыққанды ғылыми

		2) ішінарабайланысқан; 3) байланысжок.	зерттеуді құрайды. Теориялық бөлім зерттеудің мақсаты мен әдістерін тандауға негіз болады, әдістеме қойылған міндеттерді шешуге бағытталған, алынған нәтижелер олардың талқылауымен логикалық жалғасады, ал қорытындылар мен ұсыныстар зерттеу міндеттерінің орындалғанын нақты дәлелдейді. Баяндау логикасының бұзылуы немесе құрылымдық сәйкессіздіктер анықталған жоқ.
		4.5 Авторұсынғанжаңашешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сын талдау бар: 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелерінен негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер бойынша сыни талдау жүргізілген: қолданыстағы диагностикалық және болжамдық тәсілдердің шектеулері жүйелі түрде көрсетіліп, олардың тиімділігі цервикометрия мен жатыр мойны эластографиясын біріктіретін әдіспен салыстырмалы түрде бағаланған. Нәтижелер клиникалық деректер мен статистикалық талдаулар арқылы негізделіп, ұсынылған әдістердің ақпараттылығы мен практикалық артықшылықтары дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Алғаш рет отандық медицинада мерзімінен бұрын босану қаупін болжау үшін цервикальды эластографияның шектік мәндері (Cut-off points) анықталды. Қысқа жатыр мойны бар әйелдерде алдын алу шараларының (пессарий, прогестерон) тиімділігін бағалаудың жаңа тәсілдері ұсынылды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары

		1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	толығымен жаңа болып табылады. Автор цервикометрия мен жатыр мойны эластографиясын біріктіре отырып, өздігінен болатын мерзімінен бұрын босанудың қаупін ерте кезеңде стратификациялаудың жаңа ғылыми негізін ұсынған, жаңа шекті мәндер мен ең ақпаратты предикторларды айқындаған және оларды клиникалық деректермен дәлелдеген. Қорытындылар әзірленген көпфакторлы болжамдық модель мен профилактикалық тактиканың тиімділігін негіздеп, зерттеудің ғылыми жаңалығын толық растайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Алғаш рет трансвагиналды цервикометрия мен жатыр мойны эластографиясын (E-Cervix) біріктіріп қолдануға негізделген өздігінен болатын мерзімінен бұрын босанудың қаупін болжау жүйесі және ерте анықтау мен профилактикалық тактиканы таңдаудың авторлық алгоритмі әзірленген. Ұсынылған шешімдердің негізділігі клиникалық деректермен, статистикалық талдаумен және нәтижелердің жоғары болжамдық дәлдігімен дәлелденген; техникалық жаңалығы патенттік өтініммен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық	Қорытындылар ROC-анализ, сезімталдық пен ерекшелікті бағалау сияқты дәлелді медицинаның қатаң критерийлеріне негізделген. Алынған мәліметтер сенімді. Барлық негізгі қорытындылар ауқымды

		бағыттары үшін).	дәлелдемелік базаға сүйенеді және клиникалық деректер мен статистикалық талдау нәтижелері арқылы расталған. Қорытындылардың сенімділігі репрезентативті іріктемелер, көпфакторлы модельдеу және ROC-талдау арқылы дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе?	Ереже клиникалық деректер және статистикалық талдау нәтижелерімен негізделген. Ешбір тұжырым тривиалды сипатқа ие емес; олардың барлығы автордың ӨМББ-ды клиникалық диагностикалау және болжау саласын дамытуға қосқан дербес үлесін көрсетеді. Жатыр мойнын кешенді бағалау және әзірленген болжау алгоритмі ғылыми жаңалыққа ие. Жоғары (тәжірибеге енгізуге дайын). Нәтижелер әртүрлі деңгейдегі акушерлік мекемелерге, стационарда да, амбулаториялық буында да қолдануға жарамды. Зерттеу нәтижелері бойынша 4 мақала Scopus журналдарында 6 мақала және 2 тезис ҚР ҒЖБМ басылымдарда жарияланған. Ғылыми нәтижелер 1 пайдалы модель патентімен, 5 енгізу актісімен және 4 авторлық куәлікпен расталған.

		<u>1) ия;</u> 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Зерттеуде проспективті тәсіл қолданылған. Эластография және УДЗ сияқты жоғары технологиялық әдістер пайдаланылған. Әдебиеттер тізімі өзекті және халықаралық дереккөздерді қамтиды. Зерттеу әдістері заманауи халықаралық стандарттарға сай. Әдебиеттер тізіміндегі дереккөздердің басым бөлігі соңғы 10 жылдағы шетелдік ғылыми зерттеулерді қамтиды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Деректер заманауи компьютерлік технологиялар мен статистикалық бағдарламалар арқылы өңделіп, интерпретацияланған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Қорытындылар мен модельдер проспективті клиникалық зерттеу нәтижелері және статистикалық талдаулар (соның ішінде ROC-талдау, регрессиялық модельдер) арқылы дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді	Негізгі тұжырымдар халықаралық және

		ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Ұлттық ғылыми дереккөздерге (клиникалық ұсынымдар мен жетекші ұйымдар материалдарына) берілген өзекті сілтемелермен негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Әдеби ізденіс барысында диссертант соңғы 10 жылда жарық көрген басылымдарды пайдаланған (дереккөздердің 75%-ы). Кіші жамбас мүшелерінің пролапсын диагностикалау және емдеу мәселелеріне арналған отандық және шетелдік әдебиеттерге егжей-тегжейлі талдау жүргізілген, бұл әдебиеттерге шолу бөлімі үшін толықтай жеткілікті болып табылады. Шыққанына 10 жылдан асқан басылымдар тарихи мәнге ие және қарастырылып отырған технологиялардың даму эволюциясын айқындайды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <u>1) бар;</u> 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері босануға дейінгі бақылау сапасын жақсартуға және мерзімінен бұрын босану жиілігін төмендетуге бағытталған. Әзірленген алгоритм клиникалық тәжірибеге енгізілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Нәтижелер клиникалық тәжірибеге енгізуге жарамды, қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Ұсыныстар өздігінен болатын мерзімінен

		1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	бұрын босанудың қаупін ерте анықтауға арналған авторлық алгоритмге негізделген және цервикометрия мен эластография көрсеткіштерін біріктіріп қолдануды практикалық деңгейде нақтылайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация ғылыми стильде, сауатты жазылған. Көрнекі материалдар (диаграммалар, эластограммалар) зерттеу нәтижелерін толық сипаттайды.
11.	Диссертацияға ескертулер	Елеулі ескертулер анықталған жоқ; ұсақ техникалық түзетулер болуы мүмкін	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалары жоғары ғылыми деңгейімен сипатталады және диссертацияның мақсаты мен міндеттерімен толық сәйкес келеді. Жарияланымдарда зерттеу дизайны мен әдіснамасы дұрыс негізделген, алынған нәтижелер заманауи статистикалық талдау әдістерімен дәлелденіп, түсінікті әрі құрылымды түрде ұсынылған. Мақалаларда цервикометрия мен жатыр мойны эластографиясының диагностикалық мүмкіндіктері жүйелі түрде талданып, қауіпті бағалау мен болжамдық модель құруға қатысты авторлық тәсілдер ғылыми тұрғыдан негізделген. Материалдар кестелермен, графиктермен және модельдермен толықтырылған, бұл нәтижелердің дәлелділік деңгейін арттырады. Жалпы алғанда, докторанттың жарияланымдары халықаралық және ұлттық ғылыми басылымдардың талаптарына сай келеді және перинаталдық медицинаға, әсіресе өздігінен болатын мерзімінен бұрын босануды болжау мен алдын алу бағытына нақты үлес қосады.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі	Рецензияның қорытындысы Рецензиялауды қорытындылай келе, 8D10102 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қабыл Бақытхан Қабылқызының «Бірұрықты жүктілік кезінде өздігінен мерзімінен бұрын босануды болжау және алдын алу» тақырыбындағы диссертациясы өзекті мәселені шешуге арналған және дербес, аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылатынын нық сеніммен айтуға болады.	

		Диссертация философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға толық жауап береді. Осы диссертацияны рецензиялау нәтижесі бойынша Комитет алдында докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.
--	--	--

Ресми рецензент:

PhD, профессор,

Акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі
«Оңтүстік-Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ



Кулбаева Салтанат Налибекқызы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ